

**ЖИ Ғайып Н.И «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы.**

## **№1 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛАСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылындағы топтың жылдық міндеттері»

Өткізілген күні: 09 қыркүйек 2024ж

Тобы: Балапан,Балдырған,Жұлдыз,Құлпынай

Қатысқандар: 52 ата-ана

Тәрбиеші: Г.Убайдуллаева, А.Бажиева, Г.Утегенова, А.Казиева

Хатшы: Ж.Балгабева

### **КҮН ТӘРТІБІ**

1. 2024–2025 оқу жылындағы топтың жылдық міндеттері.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.
3. Балабақшадағы күн тәртібі, қауіпсіздік және ішкі ережелер.
4. Ата-аналармен бірлескен жұмыс жоспары.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.
6. Әртүрлі мәселелер.

### **1-мәселе**

#### **Тындалды:**

Тәрбиеші ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, топтың жылдық мақсат-міндеттерімен таныстырды. Балалардың денсаулығын сақтау, тілін дамыту, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуын жетілдіру бағытында жүргізілетін жұмыстар егжей-тегжейлі түсіндірілді. Жыл бойындағы мерекелер, ашық оқу қызметтері, байқаулар, экскурсиялар, ұлттық құндылықтарды дәріптеу жұмыстары мен ата-аналардың қатысуымен өткізілетін шаралар туралы ақпарат берілді.

**Сөйледі:**

Ата-аналар жоспармен танысып, балалардың қызығушылығын қолдау үшін үй жағдайында бірлескен ойындар, кітап оқу және шығармашылық жұмыстарды көбейту жөнінде ұсыныстар айтты.

**Қаулы:**

1. Жылдық міндеттер бекітілсін.
2. Жоспарды орындауға ата-аналар қолдау көрсетсін.
3. Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы нығайтылсын.

**2-мәселе**

**Тыңдалды:**

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұны, оқу бағдарламасы, күнделікті режим, дамыту орталығы және бағалау ерекшеліктері түсіндірілді. Баланың жетістігі отбасы мен балабақша арасындағы бірлескен жұмысқа байланысты екені айтылды.

**Сөйледі:**

Ата-аналар баланың үйдегі тәртібі мен балабақшадағы режимнің сәйкестігін сақтау маңызды екенін атап өтті.

**Қаулы:**

1. Үйде дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Балалардың жеке ерекшеліктері ескерілсін.

**3-мәселе**

**Тыңдалды:**

Балаларды уақытында әкелу және алып кету, медициналық анықтамаларды уақытылы тапсыру, ауыстыратын киім дайындау, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері түсіндірілді.

**Сөйледі:**

Ата-аналарқойылған талаптармен келісті.

**Қаулы:**

1. Ішкі тәртіп ережелері сақталсын.
2. Балалардың қауіпсіздігіне ортақ жауапкершілік қарастырылсын.

**4-мәселе**

**Тыңдалды:**

Ата-аналармен бірлескен жұмыс жоспары таныстырылды. Ашық есік күндері, спорттық мерекелер, көрмелер, шеберлік сағаттары, ұлттық мерекелер, экологиялық және қайырымдылық акциялары жоспарланғаны айтылды.

**Сөйледі:**

Ұсынылған жоспар қолдау тапты.

**Қаулы:**

1. Іс-шараларға ата-аналар белсенді қатыссын.

**5-мәселе**

**Тыңдалды:**

Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау мәселесі қаралды. Ұсынылған кандидаттар талқыланып, дауыс беру арқылы комитет мүшелері анықталды.

**Сөйледі:**

Комитет құрамына: Сарбатыр А, Каймуллаева Б, Біржан М,

**Қаулы:**

1. Комитет құрамы бекітілсін.

**6-мәселе**

**Тыңдалды:**

WhatsApp тобы арқылы байланыс, фотосуретке рұқсат, мерекелік шараларды ұйымдастыру және басқа ұйымдастыру мәселелері қаралды

**Сөйледі:**

Барлық сұрақтарға жауап берілді.

**Қаулы:**

1. Ұсыныстар жұмыс барысында ескерілсін.

**ЖИНАЛЫСТЫҢ ШЕШІМІ**

Жиналыста қаралған барлық мәселелер бірауыздан мақұлданып, қабылданған шешімдерді орындау тәрбиеші мен ата-аналардың бірлескен бақылауына алынды.

Тәрбиеші:



А.Бажиева



Г.Убайдуллаева



А.Казиева



Г.Утегенова

Хатшы:



Ж.Балгабаева